

Ново-Хайрузовка ауылының көше атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Ново-Хайрузовка ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 12 наурыздағы N 01 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 20 наурызда N 5-13-120 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 26 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабы 2-тармағы, «Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Ново-Хайрузовка ауылдық округі тұрғындарының пікірін ескере

к е л е , Ш Е Ш Е М І Н :

1. Ново-Хайрузовка ауылындағы «Мир» көшесінің атауы - «Меримбаев Ұлықсан Ақпаевич атындағы» көшеге өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау бас маман И. Коробейниковаға жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы Ауылдық округ әкімінің
Л. Мамырханова